

арқылы бұдан ертеректегі – берелдікімен, жалпы телестікі деп анықталады. Жылқы терісімен жерлеу ғұрпын этникалық тұрғыдан анықтау қиын. Бір жағынан кейінгі шығысеуропалық параллель бойынша қыпшақтармен байланысты, Ю.С. Худяков бойынша ұйғырларға тән болуы мүмкін. Басқа қимақ заттарымен жылқы терісін жерлеу – ұйғыр компоненті шығыс қазақстан қимақтарының жерлеу ғұрпында. Жеке мәйіттердің өртелуі енисей қырғыздарының қалдыруы немесе ықпалымен, бір молада мәйітті өртеу мен мәйітті бірге жерлеу Ертісте қырғыздар мен қимақтардың этникалық ассимиляциясын көрсетеді. Ал "ұзын қорғандар" мен тас жәшікпен жерлеуге келетін болсақ, Шығыс Қазақстан жерінде бұл көне скиф – сармат кезеңінен бастау алады. Фантастикалық жануарлар суреттері бар бағалы металлдар Орта Азияның отырықшы орталықтарымен байланысты көрсетеді. Павлодарлық вариант инвентарлары Жоғарғы Ертістікіне ұқсас болғанмен, заттар көлемімен және тәсілдеуімен кедейлеу келеді. Айта кетерлік мұнда Шығыс Қазақстандағыдай палаштың (шапқыш қару) болмауы [5, с. 78-93].

Әдебиеттер тізімі:

1. Гаркавец А.Н. Откуда есть пошла кыпчаки и кимаки // Золотоордынская цивилизация. – Казань: ООО «Фолиант», 2012. – 440 с.
2. Арсланова Ф.Х. Памятники Павлодарского Прииртышья // Историко- культурное наследие кимаков и кипчаков. – Павлодар, 2006 .
3. Ундасынов И.Н. История казахов и их предков. – М., 2003. – 96 с.
4. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. – СПб.: Санкт - Петербургский университет, 2005. – 346 с.
5. Кляшторный С.Г. Тюркологический сборник. 2011-2012. – М.: Наука – Восточная литература, 2013. – 432 с.

АБЫЛАЙ ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Керімбай А.

Ғылыми жетекші: доцент Жұманова А.З.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Абылай-аса көрнекті саяси және мемлекет қайраткері. Абылай тұлға ретінде ержүрек, батыл, дана, данышпан, кез-келген мәселені шеше білетін көреген саясаткер, тәжірибелі сұңғыла басшы. Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері, арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай Түркістанның билеушісі болған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін Қанішер Абылай деген қаһарлы да құрметті атаққа ие болған. Бірақ, баласы Уәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілердің бірінің қолынан қаза тапты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасында ғана 13 жасар Абылай аман қалды. Адал төлеңгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартты. Ағайын-туғандары сыртқа тепкен жас Абылай үйсін Төле бидің қолына келеді [1, 15 б.] Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын бағады. Бұл, Ш.Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды [2, 14 б.]

XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жарын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесапат жұт пен ашаршылық Тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді. Әсіресе, 1723 жыл сұмдық қазақтардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста Жоңғар қонтайшысы Қалдан-Серен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп, қазақтар мен қырғыздарды бұрынғы шадуарлығы мен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қанқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол-жөнекей дүние-мүлкін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрық малын, үй мүкәмәлін шашып, түстікке барып қойып кетті. Орта жүз-Самарқанның түбіне, Кіші жүз-Хиуа мен Бұқарды барып паналайды. Ал қырғыздар Болордың адам аяғы баспаған құз-жарына жасырынып, үрейі ұшқаны сонша Гиссар алқабына дейін жетеді. Орта Азияның құм белдерінен шүйгін жайылым таба алмай, жаңа көршілермен жауыққан қазақтар құдыретті Ресейдің шекарасына жүз салып, олардан қолдау мен қолқабыс іздейді. Міне, осындай екідай, үрейлі қанды-қасап кезеңде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айрықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл-кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында, ол бірден-ақ көреген, кемеңгер деген атқа ие болады. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқаруы үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте торға түсіп, бірінде қырғыздарға, екіншісінде Қалдан-Серенге тұтқын болды. Оның Қалданнан құтылуы шын мәніндегі керемет. Себебі ол ханның сүйікті ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, құдыретті қалмақтың қазақтардан табандап тұрып талап етуімен тұтқынға түскен ғой. Қалай болғанмен де, 1739 жылы біз Орта жүздің ең ықпалды, ең күшті билеушісі деп таныдық. Орыс үкіметі де көбінесе Абылаймен және оның ағасы Сұлтанбекпен ғана байланыс жасап отырған. Өйткені, қазақ жеріне барып қайтқан орыстардың айтуына қарағанда, ол тұста нағыз ханның ешқандай мәні де, беделі де болмаған. Даламен жақсы таныс Тевкелев бұл сұлтанды қазақ билеушілерінің ішіндегі ең айлакері, әрі ең ықпалдысы дейді. 1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысқаны Жолбарыс сұлтанды жіберіп, сый-сыяпат сұрайды. Кейін оған өкілеттілік қағаз жіберіліп, жылына 300 сом жалақысы тайғайындалып, 200 пұт ұн беріп тұру белгіленді. Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың мансап жолындағы ой-арманын жүзеге асыруына жүзеге асыруына жағдай жасайтын оқиғалар болған еді. Ол оның халық алдындағы абырой-беделін тіпті аспандатып жіберді. 1745 жылы қазақтарға әзірейілдей болған Қалдан-Серен дүние салып, Жоңғарияда билікке таласқан дүрбелең басталады. Қалмақ тайшылары енді Абылайдан көмек күтеді. Ескі кегі зығырданын қайнатып, жоңғарларға тісін қайрап жүрген сұлтан олардың алтыбақан алауыз боп әлсіреуін пайдаланып, бірде бір жағына, бірде екіншісіне ыршып шығып, ұрыс-керістің көрігін қыздыра түседі жоңғарияны тарихта теңдесі жоқ жылдамдықпен оп-оңай жаулап алған Цян-Лунның жеңімпаз әскерінің жоңғар жеріне келуі Абылайдың саясатына үлкен ықпал етеді. Жоңғария мен Кіші Бұқар аймағын оп-оңай өзіне қаратуы және қытайлықтардың жауынгерлік рухын көтеріп, басқыншылық құштарлығын арттыра түседі. Зайыры, император Цян-Лун хань және тань әулеттерінің заманын қайталағысы келгенге ұқсайды. 1756, 1758 және 1760 жылдары Қытай жасақтары Орта жүз қазақтарының жеріне ат ізін тастайды. Қазақ билеушілері Кіші жүздің ханы Нұралы, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай аспанасты империясымен келісімге келуге құлшынады. 1756 жылы Абылай өзін Боғдыхан вассалы деп мойындап, бекзада атағы мен жылпарақ алады. Ал Нұралы Пекинге елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Ердене би 1758 жылы, кейін мұрагері Нарбота би Көктің ұлына пенделігін мойындайды. Осынау сфрттай тәнтілікке қарамастан, орта азиялықтар аса абыржулы еді. Күшті Жоңғария құлап, Кіші Бұқардың басып алынуы адам айтқысыз үрей туғызды. Оның үстіне діндар мұсылмандар ақыр заман болар алдында жердің жүзін қара қытай қаптайды деген аңызға қатты сенетінді. 1762 жылы

Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адамнан тұратын Қытай елшілері келіп, императордың әмірі бойынша көктем туа Түркістан мен Самарқандқа әскер шығатынын жариялап, алда болар жорық үшін көмекке кісі, көлікке жылқы мен өгіз, сойымға қой сұрауы қазақтардың үрейін тіпті ұшырып жіберді. Олар уақытша өзара іріңгезекті доғарып, одақ құрып, оның басына қолбасшы етіп Нәдір-Шахтың түменбасы, Қандағар билеушісі әрі Дурани әулетінің негізін қалаушы Ахметті тағайындады. Абылай сырттай одаққа кіретін сияқты көрінгенімен, шын мәнінде қытай үкіметімен байланысын үзбей, барған сайын онымен жақындаса түсті. Ол тіпті Пекинге аманат етіп ұлы Әділді жіберді. Бірақ Боғдыхан Абылайдың тәнтілігіне разы болып, Әділді қолына өкілеттілік қағаз беріп, көп сый-сыяпатпен әкесіне қайта аттандырды. Ал, Абылайдың өзі болса Сайрамкөл жағасына Іле цзян-цзунымен (генерал-губернаторымен) кездесіп, онымен сауда шартын жасасты. Шарт бойынша Тарбағатай (Шәуешек) мен Іледе (Құлжа) айырбас сарайы ашылып, одан қазақтар айдап әкелген малына қытай бұйымдарын айырбастап алып жүрді. Боғдыханның мұндай мейірімі, әсіресе, тарту-таралғысы баққұмар, данққұмар қазаққа ұнамай қалған жоқ[3, 25 б.].

1738-1741 ж. Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншылығына бірнеше мәрте соққы берді. 1742 ж. Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түседі. Сол кездегі ойрат басқыншыларына қарсы күрестің ең белсенді ұйымдастырушыларының біріне Абылайдың жау қолына түсуі қазақ қоғамында абыржушылық туғызып, Абылайды босатып алу үлкен саяси мәселеге айналды. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Төле би мен Әбілқайыр хан Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатып алуды ара түсуге өтініш жасайды. Бұл деректің шындық екенін осы кезеңде Орынбор губернаторы И.Ш. Неплюев пен Әбілқайырдың өзара жазысқан хаттары да дәлелдей түседі. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады. Бұл жөнінде Неплюевтің сыртқы істер коллегиясына жазған хатында қазақтар мен қалмақтар бітімге келіп, бірігіп кете ме деген қауіп те білдірген. Өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765-67 ж. А. Қолының Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қалалары қайтадан қазақтар иелігіне өтті[4, 40 б.].

Абылай билігінің күшейге түсуінің жаңа кезеңі 1744 ж. Әбілмәмбеттің Түркістанға көшіп кетуі уақытына саяды. Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломат жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісім білдіреді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым қатынасын суытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. Абылай 1745ж. Қалдан Серен дүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар –қытай соғысын Шығыс түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті.

Жазба деректерде Абылайдың шетел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі. 1752 ж. ол бастаған қазақ әскері шамасы 15 – 20 мың адамдай ойраттар қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753ж. желтоқсанда Абылай 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 ж. сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, (Қаратал өз бойынша), сол жылдың шілде –тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 ж. Абылайдың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде

жеңіске жетеді. 1757 ж. Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасынан соң, қытайлар Абылайдан бітім сұрады. 1753-1754 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай, Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы – жазы үзбестен қатысады. Абылай бірде Қалдан Серемен бітімге келсе, бірде Дабашыны шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатты. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді. Осының нәтижесінде Абылай әскері 1771 ж. Мойынты өзенінің бойында болған қалмақтармен ауыр шайқаста жаңа жеңіске жетті.

Саяси ахуал тұрақталған шақта Абылай қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалармен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754 -55 және 1764 ж. қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауып, Жауғаш, Көкжал Барқ пен Шынқожа батырлар бастаған әскерлерді Ақсу, Көксу және Шу бойында талқандайды. Осы себепті Абылай 1755, 1765 жылдары Қырғыз ұлысына қарсы жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінгі дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды[5, 50 б.]

1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды.

Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізді жерлеген. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды. Балаларының барлығы тікелей саясатпен айналысқан Олардың ішінде көп жетістікке жеткендері – Уәли, Шыңғыс, Тоғум, Рустем, Есім, Қасым, Кенесары, Шоқан[6, 15 б.].

Халқының қамын жеген қайраткер екенінің айғағы мына бір аңыздарда көрінеді. Омбы генерал-губернаторының хатында Абылай сұлтанға екі сұрақ қойыпты: Соның бірі: «Егер де Ресей мен Қытай екеуі соғысып қалса, кімді жақтар едіңіз?» - дейді. Абылай: - «Ешкімді де. Бізге бейбіт өмір қажет»[7, 20 б.] деп жауап қайтарған екен.

Аңыздардың бірінде Абылай өмірінің ақтық сәтінде, науқастанып, жаны қиналғанда: «... Жаудың жағасынан алып, жұлқысып жүріп өлмей, қайдағы бір түйнектен кетіп бара жатқанымды қарашы!» - деп күйзеліпті. Абылай аузынан айтылған осы сөздің өзінде оның батырлық тұлғасы, өршіл рухы сезіледі. Абылай ажал алдында да хас батырша ұрыс алаңында өлуді армандаған, ұрыс даласын аңсап өткен.

Абылайдың өз әулетіне келсек, ол туралы алғашқылардың бірі болып мақала жазған Шоқан Уәлихановтың айтуынша, ұлы тұлғаның он екі әйелі, қырық қызы, отыз ұлы болған[8, 40 б.].

Абылайдың қазақтың ұлы ханы болуымен қатар, дәулескер күйші ретінде белгілі. Ол – «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Шанды жорық», т.б. күйлерінің авторы. Бұлардың әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Күйлерінің атына қарап ерлігін, биіктігін байқауға болады. Екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің соңғы жаңғырығы алаш жұртының есінде «Шанды жорық» деген атпен белгілі. Бұл күйдің аты айтып тұрғандай, жорыққа аттанар кезде батырларға күш беретін темптегі күй. «Қара жорғаны» өзінің сәйгүлігіне, яғни, сенімді серігіне арнаған. Бұл шығармаларынан Абылайдың ішкі толғаныстарын, сезімдерін аңғаруға болады.

Тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуы үшін Абылай хан секілді біртуар ұлы перзенттеріміздің сіңірген еңбегі зор. Өйткені Абылай қазақтардың басына күн туған аса қиын кезеңде тарих сахнасына шыққан. Қазақ жұртына Жаратқан Иеміз оң қабақ танытып, Абылайдай ұлы тұлғаны ғайыптан әкеліп, ел тұғырына қондырып еді. Қазақ қайрандап қалған қилы заманда Абылайдың айналасына жиналды, оның тұлғасынан қуат алып, пір тұтты. Сөйтіп ол жан-жақтан анталаған жаудан елді, жерді қорғап, ата жауымыз

жоңғарлардың жер бетінен жойылып, тұқымымыздың тұздай құрып кетуінен аман алып қалды. Қазақ хандары билігі тарихында Абылай – «ұлы» хан ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан территориясының қауіпсіздігін, дипломатиялық қатынастарды нығайта отырып, өз беделі мен көрегендік саясатының арқасында сақтай алған дарынды тұлға болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевта Абылайдың жеке басына: «Ел басына ауыр күн туған XVIII ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасшы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де таныла білді» деп жоғары бағалады. Абылай ханның өміріне, қайраткерлік, қолбасшылық қызметіне шетелдік тарихшылар да өз пікірлерін айтумен келеді. Ағылшын зерттеушісі М.Олкот: «Абылай – қазақтың соңғы тәуелсіз ханы. Ол хан болу үшін Ресей өкіметіне жүгінген жоқ. Билікті тура өз халқының қолынан алды», ал академик В.Бартольд «XVIII ғасырдың хандарының ең күдіреттісі – Абылай. Ол өте қу саясат жүргізді. Қазақ еліне қажет шешімді бірден қабылдап, ұлтқа қатысы жоқ мәселені бойына жолатпады» деп ерекше ұлығылады. Бұл Абылай ханның дипломатиялық еңбегіне берілген лайықты баға десек болады.

Айбарлы Абылайдың аңсаған асқақ арманы, ұлы мұраты – Тәуелсіздіктің қызығын бүгінгі ұрпақ көріп отыр. Қазақстан қазір төрт құбыласын тегіс мойындатқан іргелі елге айналды. Қандай қиын-қыстау замандарды бастан өткерсе де, елдігін жоғалтпаған қазақ халқы Абылай армандаған мамыражай бейбіт өмірді көрді.

Абылай заманы ерліктің, жаугершіліктің ғасыры деп бағаланбайды, ынтымақтың іс-жүзінде тұтасқан кезеңі деп өнегелеп кетеді. Бүгінгі таңда да бірлігіміз кетсе, елдігіміз кететінін терең ұғынған жөн. Сондықтан әрқайсысымыз Тәуелсіз Қазақ елінің басына қонған бақытын баянды ету жолында ұлтжандылық пен намыстылықты, ауызбіршілікті, ана тілімізді, салт-дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа ұлағат етіп қалдырып, ғасырдан-ғасырға аманаттайық. Бірліктің дәуірі болған Абылай хан заманын өнеге тұтып, оның тағылымын бойымызға дарытайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Баяндин Н. Дала жұлдызы. - А., 1990 ж.
2. Бірмағанбетов Ә. «Туған өлкені зерттеушілер». - Алматы, 1978.
3. Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері) – Алматы: Ғылым, 1993.
4. Ч. Валиханова – Ч.Ч.Валиханов. Собр. Соч.: в 5-ти т. - Алма-Ата, 1972, Т. 5.
5. Дулатова Д., “Шоқан - тарихшы”. - А: “Қазақстан” 1982 ж.
6. Ә.Х.Марғұлан «Шоқан шығыстанушы Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі – Кіт.: Шоқан Уәлиханов таңдамалы. - А., 1989 5-том. 42-43 бет.
7. Сүлейменов Б., Моисеев В.А. Шоқан Уәлиханов Шығыстанушы. - Алматы, 1985.
8. Қасымбеков М. Шоқан шығыстанушы. //Қазақстан тарихы әдістемелік журнал, 2005. №11. 40 бет.

БАЛАСАҒҰН ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕ

Койшыбаева Е.А

Ғылыми жетекші: тарих магистры, аға оқытушы Сақабай Т.Қ.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Орта ғасырларда Қазақстан аумағында қала мәдениеті ерекше дамыған болатын. Солардың ішіндегі аз зерттелген және сыры ашылмай келе жатқан қаланың бірі Баласағұн қаласы болып табылады. Бұл қаланың қай жерде орналасқанын анықтауға шығыстанушы ғалымдар В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, М.Тынышбаев үлес қосты. Сонымен қатар ортағасырлық ғалым Әбу-Райхан Әл-Бируни (X-XI ғ.) және араб саяхатшылары Ибн Хордабек (IX ғ.), Әл-Хамадани (X ғ.), Әл-Макдиси –(X ғ.) еңбектерінде де Баласағұн туралы мәліметтер кездеседі. V-XII ғғ. Баласағұн Батыс Түрік қағанатындағы түргештердің (сары үйсіндердің), қарлұқтардың, қарахандардың және қарақытайлардың (қарақидандардың) астанасы, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болған. Әл-Макдиси өзінің зерттеулерінде